



## ҚҰРЫЛЫС ХИМИЯЛЫҚ ҚОСПАЛАРЫНЫҢ ТАУАРЛЫҚ ТОБЫ

### Fawori Su-sav гидрооқшаулағыш бояуы

#### АНЫҚТАМАСЫ

Өнім – пайдалануға дайын, бір компонентті, эластомерлі акрил сополимері мен акрил шайырына негізделген, талшық қосылған, икемді, жылтыр реңкті ақ түсті гидрооқшаулағыш материал, ол барлық түрдегі едендерге оңай жағылады және гидрооқшаулау тұрғысынан қауіпті деп саналатын аймақтар үшін арнайы әзірленген.

Өнімді ішкі және ашық кеңістіктерде, көлденең және тік беттерге жағуға болады, әсіресе, жарықшақтар пайда болу қаупі бар түйіспелер мен бөлшектерде; жазық және еңіс шатырларда; террасаларда, балкондарда, хауыздар мен су қоймаларында; су ағызу науаларының шеттерінде, ернеулер мен мұржаларда қолдануға жарамды. Өнімді бетон, сылақ, кірпіш, мырыш, мырышталған беттер және бетон блоктар сияқты материалдарға қолдануға болады.

#### ҚАСИЕТТЕРІ

- Өнім жарықшақтарды оңай гидрооқшаулауға мүмкіндік береді.
- Пайдалануға дайын өнім.
- Өнімді жағу өте оңай және ол жартылай сұйық құрылымға ие. Онымен күрделі беттерді де оңай жабуға болады. Өнім көп еңбек күшін қажет етпейді.
- Өнім созылғыш.
- Өнім барлық түрдегі құрылыс материалдарына тамаша жабысуды қамтамасыз етеді.
- Өнім температура өзгерістерінде және суықта өзінің икемділігін сақтайды.
- Өнім әлсіз химиялық заттарға төзімді.
- Өнім беттердің «тыныс алу» мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
- Өнімнің құрамында еріткіштер жоқ.
- Өнім сәндік қасиеттерге ие. Ақ түске ие болған кезде оны реңктегіш түтіктермен бояуға болады (барлығы 4-5 реңк) немесе тек бірдей икемді құрылымы бар су негізіндегі бояумен бояуға болады.

#### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Күйі	: Жартылай сұйық, сұйық
Түсі	: Ақ
Үзілу кезіндегі салыстырмалы ұзару	: $\geq 300\%$
Үзілуге беріктігі	: $\geq 1,0$ Н/мм <sup>2</sup>
Бетонмен ілінісу беріктігі	: $\geq 1,2$ Н/мм <sup>2</sup>
Үзілуге беріктігі	: 50 кгс/см <sup>2</sup> 23°C кезінде 24 сағаттан соң, 55 кгс/см <sup>2</sup> 72 сағаттан соң



TS EN 14891 Стандартына сәйкес келеді.

#### ЖАҒЫЛУЫ

**Fawori Fiber Susav** гидрооқшаулағыш бояуын ылғалданбаған, құрғақ және таза беттерге жағу қажет. Өнімнің жабысуына кедергі келтіретін барлық майларды, кірді, шаңды және борпылдақ қабаттарды тазалап, кетіріңіз. Жағар алдында сылақ пен бетон беттерін жылы сабынды сумен тазалау ұсынылады. Жабылатын беттерде ағынның алдын алу үшін ең аз 5% еңіс болуы керек. Едендегі жарықтар мен шұңқырларды **Fawori T1** жөндеу ерітіндісімен толтыру қажет. Беттің жағдайына байланысты **Fawori Fiber Susav** бояуын 100% сумен араластырып, астына төсеме қабатын жағып, оның үстінен сұйылтылмаған күйде екі қабат жағу ұсынылады. (Жабынды кемінде екі қабат етіп жағу қажет). Екінші қабатты бірінші қабатқа 90° бұрышпен перпендикуляр жағу қажет. Көлденең және тік түйіспе нүктелерінде **Fawori Fiber Susav** бояуын бір жолақ етіп жағу керек. Өнімді 5°C-тан 35°C-қа дейінгі температурада, әсіресе құрғақ ауа райында қолдану ұсынылады. Өнімді жаңбыр, қар және аяз сияқты қолайсыз ауа райы жағдайларында қолдануға болмайды. Жабылатын беттерді осы жағдайлардан кемінде 24 сағат бойы қорғау қажет.

#### ЕСКЕРТУ

**Fawori Fiber Susav** бояуын қорғаныш қабаты ретінде тұтастырғыштарға, керамикалық немесе ұқсас жабындарға жағуға болады, бұл барлық беттердің пайдалану сипаттамалары мен сыртқы әсерлерге қажетті төзімділігін қамтамасыз етеді. Бояу жағу құралдарын сумен тазартуға болады. Жұмыс барысында тегіс резеңке аяқ киім кию ұсынылады. Сондай-ақ, өнімді жағу үшін бөлек платформа жасау ұсынылады, әсіресе егер бетке спутниктік антенна, күн батареялары немесе су қоймасы орнату жоспарланса.

Бұл өнім TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002, TS ISO / IEC 27001 стандарттарына сәйкес келетін Betek A.Ş. компаниясымен өндіріледі.

\* Осы техникалық паспорт қалыпты жағдайларда жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректері негізінде дайындалды. Жоғарыда көрсетілмеген қосымша ақпарат алу үшін техникалық персоналмен байланысуыңызды сұраймыз. Басқа жағдайда, өндіруші компания жеткіліксіз ақпарат алу нәтижесінде туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды. Біздің компания ұсынылған ақпаратта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Қажет болған жағдайда, материалдың қауіпсіздік паспортынан өнімге байланысты денсаулыққа төнетін қауіптер, тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары және басқа да маңызды мәліметтер туралы толық ақпарат алуға болады.

"**БЕТЕК БОҒА VE KİMYA SAN. A.Ş.**" Акционерлік қоғамы

Бас кеңсе: Зумрутөвлер ауданы, Урал көшесі № 38 34852 Малғене ауданы – СТАМБУЛ қ.  
Тел.: (0216) 571 11 00 Факс: +90 (216) 571 13 15 – Орталық тіркеу жүйесіндегі нөмір: 0167001238900018 - [www.fawori.com](http://www.fawori.com)



#### **КЕПТИРУ УАҚЫТЫ (20°C температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта)**

Бастапқы кептіру : 12 сағат  
Екінші қабат : 24 сағат  
Толық кептіру : 48 сағат

#### **СҰЙЫЛТУ**

Беттің құрылымына, кедір-бұдырлығына және кеуектілігіне байланысты әр қабатқа өнімнің шығыны шамамен 0,75-1,00 кг/м<sup>2</sup> құрайды.

Көрсетілген шығын – болжамды мән; өйткені беттің кеуектілігі мен қуыс құрылымына байланысты айырмашылықтар болуы мүмкін, нақты шығын жұмыстың соңында анықталады.

#### **ҚАПТАМА**

20 кг ПЭ шелегі

#### **САҚТАУ**

Өнімді ылғалдан, аяздан және тікелей күн сәулесінен қорғау қажет; оны салқын және құрғақ жерде сақтау ұсынылады. Өнім зауыттық қаптамада, жоғарыда көрсетілген сақтау шарттарында 2 жылға дейін сақтауға болады.

#### **ҚАУІПТІЛІК КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ**

H317 Терінің аллергиялық реакциясын тудырады.

#### **САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

P101 Егер дәрігердің кеңесі қажет болса, оған қаптаманы немесе заттаңбаны көрсетіңіз.

P102 Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

P103 Қолданар алдында таңбаланумен танысыңыз.

P261 Шаңды/түгінді/газды/тұманды/буларды/аэрозольді жұтудан аулақ болыңыз.

P280 Қорғаныш қолғаптарды/қорғаныш киімді/қорғаныш көзілдірікті/бетке арналған қорғаныш масканы қолданыңыз.

P321 Арнайы шаралар қажет (заттаңбаны қараңыз).

P363 Ластанған киімді қайта қолданар алдында жуыңыз.

P333+P313 Егер тері тітіркенсе немесе қышу пайда болса: медициналық көмекке жүгініңіз.

P501 Қалдықтарды/қаптаманы жергілікті/аймақтық/ұлттық/халықаралық ережелерге сәйкес жойыңыз.

**ЕСКЕРТУ** Назар аударыңыз!



GSH07

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ №:** 10.300.2174

**ПОЗИЦИЯ №:** 15.270.1001, 15.270.1002, 15.270.1003, 15.270.1004

Бұл өнім TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002, TS ISO / IEC 27001 стандарттарына сәйкес келетін Betek A.Ş. компаниясымен өндіріледі.

\* Осы техникалық паспорт қалыпты жағдайларда жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректері негізінде дайындалды. Жоғарыда көрсетілмеген қосымша ақпарат алу үшін техникалық персоналмен байланысуыңызды сұраймыз. Басқа жағдайда, өндіруші компания жеткіліксіз ақпарат алу нәтижесінде туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды. Біздің компания ұсынылған ақпаратта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Қажет болған жағдайда, материалдың қауіпсіздік паспортынан өнімге байланысты денсаулыққа төнетін қауіптер, тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары және басқа да маңызды мәліметтер туралы толық ақпарат алуға болады.

**"BETEK BOYA VE KİMYA SAN. A.Ş." Акционерлік қоғамы**

Бас кеңсе: Зумрутөвлер ауданы, Урал көшесі № 38 34852 Малтепе ауданы – СТАМБУЛ қ.  
Тел.: (0216) 571 11 00 Факс: +90 (216) 571 13 15 – Орталық тіркеу жүйесіндегі нөмір: 0167001238900018 - [www.fawori.com](http://www.fawori.com)